Қазақстан тарихы. 10 сынып.

Сабақ тақырыбы:

# Қазақ хандығының құрылуы



Мұхаммед Хайдар Дулати

Тарих пәнінің мұғалімі: Исмаганбетова Гульдина Сайлаубекқызы

Ашық сабақтар

## Қазақ мемлекеттігін қалыптастырған басты себептер

Қазақ халқының құрылуы және оның жүздерінің айқындалуы

Әлеуметтік қатынастардың нығаюы

Ашық сабақтар


ҚАЗАН ХАНДЫҒЫ
СІБІР ХАНДЫҒЫ
НОҒАЙ ОРДАСЫ
АСТРАХАН ХАНДЫҒЫ
Сарай-Берке
Астрахан
АҚ ОРДА ХАНДЫҒЫ
Ақтөбе
Сарайшық
ӘБІЛҚ
АРАЛ ТЕҢІЗІ
ОЙРАТ ҰЛЫСЫ
Қазақ хандығы
МОҒОЛСТАН
КАСПИЙ ТЕҢІЗІ
Мауерен ах
Үргеніш
Бұхара
Самарқан



Мұхаммед Хайдар Дулати

**Керей мен Жәнібектің Батыс Жетісуға көшіп келуін халқымыздың тұңғыш көрнекті тарихшысы, ғұлама Мұхаммед Хайдар Дулати 1465-1466 жылдар деп жазады.**

# КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕК ХАНДАРЫ



Қазақ хандығынын негізгі қалаушылары

және алғашқы хандары



Ашық сабақтар

# Қазақ хандығының құрылуының себептері

*Халық бұқарасының Әбілқайыр ханға наразылығының күшеюі*

*Керей мен Жәнібек сұлтандардың Қазақ хандығын құруға ұмтылуы*

*Алым-салықтың көбеюі*

*Әбілқайыр ханның ойраттардан жеңіліп қалуы*

# IV. Бекіту

## Кубизм әдісі

Ашық сабақтар



**Керей мен Жәнібектің Жетісуға қарай көшудегі мақсаттары неде болды?**



# Қазақ мемлекеттігін қалыптастыруға басты қандай себептер болды?



**Хандық халқының этникалық құрамы қандай ру-тайпалардан тұрды?**



**Қазақ хандығы қай жылдары құрылды?**

Ашық сабақтар

# Қорытындылау

## Тест

1. XV ғасырдың басында Әбілқайыр хан кімдерден жеңіліске ұшырады
   а) орыс әскерінен
   б) моғол хандығынан
   ә) қытайлардан
   в) ойраттардан
2. Моғолстан ханы кім еді
   а) Мұхаммед Шайбани
   ә) Әмір Темір
   б) Ұбайдаллах
   в) Есен-бұға
3. Қазақ хандығының құрылуы туралы қай тарихшы жазды
   а) әл-Марвази
   ә) Идриси Мұхаммед Шайбани
   б) Мұхаммед Хайдар Дулати
   в) Рашид ад-Дин

VI. Үйге тапсырма:

§36. Қазақ хандығының құрылуы

# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ХАНДАР КЕСТЕСІ

*Қазақ хандығы (дербес мемлекеттігі) 1459 ж. құрылды. Оның негізін қалаушылар: Керей хан (1459-1473) Жәнібек хан (1473-1480).*

## ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ

1. Керей хан (1459-1473)
2. Жәнібек хан (1473-1480)
3. Бұрындық хан (1480-1511)
4. Қасым хан (1511-1518)
5. Мамаш хан (1518-1523)
6. Таһир хан (1523-1533)
7. Бұйдаш хан (1533-1534)
8. Қожа Махмұт (1534-1535)
9. Тоғым хан (1535-1537)
10. Хақназар хан (1538-1580)
11. Шығай хан (1580-1582)
12. Тәуекел хан (1582-1598)
13. Есім хан (1598-1645)
14. Жәңгір (салқам) (1645-1680)
15. Тәуке хан (1680-1718)
16. Батыр хан (1718-1726)

Ұлы жүз территориясы 1224 жылдан бастап Шағатай ұлысының құрамында болды. Қазақ хандығы құрылған кезде ұлы жүзде Моғолстан хандылығы еді. 1740 жылға дейін Жолбарыс хан (Шағатай ұрпағы) басқарды. Одан соң қоқан хандығының қол астына өтті. 1864 жылы Ресей приставына бағынды.



## ОРТА ЖҮЗ ХАНДАРЫ:

1. Қайып хан (1716-1719)
2. Сәмеке хан (1719-1734)
3. Әбілмәмбет хан (1734-1771)
4. Абылай хан (1771-1781)
5. Уәлі хан (1781-1819)
6. Бөкей хан (1815-1819)
7. Кенесары хан (1841-1847)

## КІШІ ЖҮЗ ХАНДАРЫ:

1. Әбілқайыр хан (1718-1748)
2. Нұралы хан (1748-1786)
3. Ералы хан (1791-1794)
4. Есім хан (1795-1797)
5. Айшуақ хан (1797-1805)
6. Шерғазы хан (1805-1824)
7. Бөкей хан (1801-1815)
8. Шығай хан (1815-1823)
9. Жәңгір хан (1823-1845)



MyShared

Қазақ хандағының хандары:

Керей хан, *Болат сұлтан ұлы, Орыс хан шөбересі*
Әз-Жәнібек хан, *Барақ хан ұлы, Орыс хан шөбересі*
Бұрындық хан, *Керей хан ұлы*
Қасым хан, *Әз-Жәнібек хан ұлы*
Момыш хан, *Қасым хан ұлы*
Тақыр хан, *Әдік сұлтан ұлы*
Бұйдаш хан, *Әдік сұлтан ұлы,*
Тоғым хан, *Жәдік сұлтан ұлы*
Ахмет хан, *Жаныш сұлтан ұлы*
Хақ-Назар хан, *Қасым хан ұлы,*
Шығай хан, *Жәдік сұлтан ұлы,*
Тәуекел хан, *Шығай хан ұлы,*
Есім хан, *Шығай хан ұлы,*
Жәнібек хан, *Есім хан ұлы,*
Салқам Жәңгір хан, *Есім хан ұлы,*
Батыр хан, *Бөлекей сұлтан ұлы*
Тәуке хан, *Жәңгір хан ұлы,*
Қайып хан, *Хысырау сұлтан ұлы (Есім хан ұрпағы)*
Болат хан, *Тәуке хан ұлы,*
Әбілмәмбет хан, *Болат хан ұлы,*
Абылай хан, *Көркем Уәли сұлтан ұлы,*
Кенесары хан, *Қасым сұлтан ұлы, (Абылай хан немересі).*

MyShared




# Кенесары хан



Кенесары Қасымұлы (1802-1847 ж.ж.) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы.

1841-1847 ж.ж. билік құрған.

Кенесары ханның саясаты және идиологиясы ұлттық даму жолындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталды.






Керей хан. Суретші Н.Қарымсақов

Орыс ханның немересі Болат ханның ұлы

Шамамен (1456-1473) жылдары билік еткен.

**Үш ұлы бар:** Бұрындық хан, Қожа-Мұхаммед және Сұлтан Әлі.







MyShared

Барақханұлы,
Жәнібек Әбусағит

**(1473-1480) таққа отырған ж.ж.**



Орыс ханның шөбересі

Барақ ханның ұлы

Әз-Жәнібек



Жәнібек хан. Суретші Ә.Бұхарбаев







MyShared

# Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы

Феодалдық қырқысты тоқтатты

Тайпа арасындағы қақтығыстарға тыйым салды

Мал жайылымдарын мерзімдері бойынша тиімді пайдалану



Құтты қоныс. Суретші Д.Қастеев



Ұлы көш. Суретші Қ.Каметов

MyShared



## Бұрындық хан (1480-1511) ж.

*Ол жұмсақ мінезді және жігерсіз адам болатын, басқару ісіне өз бетінше қадамдар жасауға қабілетсіз еді.*

*1472-1473 жылдардан XV ғасырдың 90 жылдарының ортасына дейін, қазақ хандығының батыста ноғай мырзаларымен және оңтүстікте Сыр бойы қалалары мен өңірлері үшін күресте маңызды рөл атқарған.*

MyShared



# Қасым хан



*шамамен (1445 – 1521) ж.ж. өмір сүрген*

«белгілі сұлтан және атақты баһадүр»

**1511 жылы таққа отырды.*

**Территориясы: Жайық өзеңі, Сырдария, Ұлытау, Балқаш көлі, Жетісудің бір бөлігі.*

- *Қазақ хандығындағы халық саны 1 млн.ға жетті.*
- *Қазақ хандығының күшеюі және нығаюы.*
- *“Қасым ханның қасқа жолын” шығарды.*

*1521ж Сарайшық қаласында қайтыс болды. (Қ. Жалайри).*

**Әйгілі тарихшы М.Х. Дулати: "*Қазақ хандығы мен сұлтандары арасында Қасым хандай құдіретті ешкім болған емес*" деп тегін жазбаса керек.**

MyShared

# “Қасым ханның қасқа жолы”

**Заң 5 бөлімнен тұрады**:

- Мал-мүлік және жерге байланысты қатынастар.
- Қылмыс пен оларға қолданылатын жазалар.
- Әскери қызметті,әскери міндетті атқару ережелері және әскер тәртібін бұзушыларға беретін жазалар.
- Елшілік қатынастарды реттеу
- Халықтық дәстүрлерді өткізу тәртібі.

MyShared

**Мамаш (Қамаш) хан**

Қасымның мұрагері

(1521-1523) ж.ж билік етті.

Мамаш өзара тартыс барысында қаза тауып, хан тағын Қасымның немере інісі-

# Тақыр (Тахир) хан иеленеді.

## (1523-1533) жылдар аралығында Қазақ хандығын басқарды .

- Тақыр хан тағдыры ауыр болды: Ханды халқының көпшілігі тастап кетті. Хан аздаған қазақтармен және қырғыздарға кетеді, ақыры қырғыздар арасында жоқшылық көріп, қайтыс болды.

MyShared

Тақыр ханның інісі –

# Бұйдаш хан (1534-1535) ж.ж.

тұсында да Қазақ хандығындағы өзара тартыстар тоқтаған жоқ. Осыныны пайдаланған өзбек ханы Убайдуллах Моғолстан ханы Абдар Рашидпен соғыс одағын құрып, Жетісуда соғыс ашты. Қазақ әскерлері жеңіліп, Бұйдаш хан қашып құтылды.

## Қожа Мақмұт хан – 1534-1535 ж.ж.

***

## *Тоғым хан – 1535-1537 ж.ж.*




MyShared



## «қазақтар мен қырғыздардың ханы» -

# Хақназар хан

## (1538-1580) ж.ж.

- XVI ғ. II ж. әлсіреген хандықты біріктіруде Хақназар өз үлесін қосты.
- Негізгі мақсаты: Қасым кезіндегі иелікті қалпына келтіру.
- Хан өзін «патша, әрі ұлы князьбен татумын деп санады».
- Башқұрттарды өзіне бағындырды,
- Түркістан өңіріндегі қалаларын қарамағына қосты.
- Баба сұлтан Йассы, Сауранды сойырғал ретінде Хақназарға сыйлады.



1580 жыл – Баба сұлтанның тыңшысы у беріп өлтірді.

Хақназар хан саясатының маңызы:

1. Хандықтың аумағының кеңеюі.
2. Жеке дербес мемлекет ретінде танымал болуы.
3. Хан билігінің күшеюі.
4. Ішкі саяси және шаруашылық өмірдің тұрақтылығы.

MyShared

**Жәдік сұлтанның баласы, Жәнібек ханның немересі, 80 жастағы Шығай хан 1580-1582 жылдары хан болды.**

Ол 80 жаста болғанымен қазақтардың ішінде беделді хан болды. Қазақ хандығының сыртқы саясатындағы Хақназар хан ұстаған бағытты жалғастырды. Шығай хан Шайбани мұрагерлерінің арасындағы қақтығыстарды қазақ мемлекетін нығайту мақсатында ұтымды пайдаланды.

---

**Тәуекел хан**



(1582-1598) жылдары хандықты биледі.

Түркістан, Ташкент, Ферғана, Самарқандты басып алған.

Мәуереннахрға басып кіріп, Ахси, Әндіжан қалаларын қол астына алған. 1598 *жылы Ташкентте қайтыс болды.*

«қазақ және қалмақ патшасы»

MyShared



# Есім хан

(1598-1628) ж.ж.

→ *«Еңсегей бойлы ер Есім»*

Астанасы - Түркістан қаласы.

**Саясатының ерекшелігі:**

* Осы кезден бастап Ташкент қаласы 200 жылдай қазақтардың иелігінде болды.

* Оңтүстік Қазақстандағы отырықшы-егіншілік аймақтар Қазақ хандығының жері болып есептелінді.

* «Есім ханның ескі жолы» атты ережесін шығарды.

Төлеген жырау:

Ей, Қатаған хан Тұрсын!
Кім арамды ант ұрсын.
Жазықсыз елді жылатып,
Жер тәңірісің, жатырсың,
Хан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың!
Алтын тақта жатсаң да
Қазаң жетті қапылсың!
Еңсегей бойлы ер Есім,
Есігіңе келіп тұр,
Шашқалы тұр қаныңды,
Кешікпей содан қатарсың!

*1627 ж Тұрсынды өлтіреді.*

Заңда:

* *Әскери міндетті атқару ережелерін күшейтті.*

* *Әскер тәртібін бұзушыларға берілетін жазаны ауырлатты.*

* *Ескі құқықтық ғұрыптар мен заңдарды сақтады.*

MyShared



# «Салқам Жәңгір»

**1628-1652 жылдары хан тағына отырды.**

- 1643 жыл – Орбұлақ шайқасы.

  Жәңгір 50 мың әскерімен келген Батыр қонтайшыға 600 сарбазымен қарсы тұрды. Жәңгір сарбаздары жоңғарлардың 10 мың әскерін талқандады. Көмекке Жалаңтөс батыр 20 мың әскерімен келіп, жоңғарлардың ту сыртынан шабуылдады. Бұл соғыста жеңілген жоңғарлар қазақ даласына көпке дейін шабуылдамады.

* 1652 жылы жоңғарлармен қанды майданда Жәңгір хан қайтыс болды.

MyShared



# Тәуке хан

Жәңгірдің ұлы, (1680-1718) ж.ж.

Билігінің ерекшелігі:

- Хандықтың бөлшектенуі тоқтатылып, бір орталыққа бағындырылды.
- Жоңғар шапқыншылығы бәсеңдеп, тыныштық орнады.
- Мемлекеттік құрылыстың негізгі ұстанымдарын анықтайтын *«Жеті жарғы»* заңын жасады.
- Көрші елдермен достық қатынаста болуды көздеді: қырғыз, қарақалпақ, орыс елдері.

Әз – Тәукенің негізгі мақсаты – билердің көмегімен хан билігін нығайту.

"Қазақ Ордасының Ликургі"

MyShared



# Абылай хан



Абылай (Әбілмансұр, Сабалақ, 1711-1781 ж.ж.) - қазақ хандығының бұрынғы шекарасын қалпына келтіріп, елдің саяси-экономикалық дамуына өзгерістер енгізген мемлекеттік қайраткер.

* 1771 жыл - ақсүйектер Абылайды хан сайлады. Үш жүз өкілдерінің Абылайды барлық қазақтың билеушісі деп тануының себептері:

- Жоңғарға қарсы азаттық күресін басқаруы.
- Үш жүзді біріктіруі.
- Ресей мен Қытай қыспағына қарамастан, іс жүзінде елдің дербестігін сақтауы.

* 1778 жылы II Екатерина Орта жүздің ханы етіп бекітті.

* Төңірегіндегі жыраулар: Бұқар жырау, Үмбетей жырау, Тәтіқара ақын.








MyShared




# Кенесары хан



Кенесары Қасымұлы (1802-1847 ж.ж.) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы.

1841-1847 ж.ж. билік құрған.

Кенесары ханның саясаты және идиологиясы ұлттық даму жолындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталды.






MyShared